

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жылдық  
жалпы жиналысының №1/2023  
ХАТТАМАСЫ**

**Астана қ.**

**2023 жылғы 24 мамыр**

Толық атауы: «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы.

Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай.

Акционерлердің жалпы жиналысы өткен орын: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 200-кабинет.

Акционерлерді тіркеуді бастау - 10 сағат 00 минут.

Акционерлерді тіркеуді аяқтау - 13 сағат 00 минут.

Акционерлер жалпы жиналысының басталуы - 15 сағат 00 минут.

Акционерлер жалпы жиналысының аяқталуы - 16 сағат 15 минут.

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылғы 13 сәуірдегі №6/2023 отырыс хаттамасы) келесі күн тәртібімен шақырылды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы.

5. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

6. «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы.

Қоғам Акционерлерінің жылдық жалпы жиналысын (бұдан әрі – Жиналыс) өткізу туралы ақпарат 2023 жылғы 13 сәуірде қаржылық есептілік депозитарийінің, «Қазақстан қор биржасы» АҚ және Қоғамның интернет-ресурстарында қазақ және орыс тілдерінде жарияланды.

Қоғам Жарғысының 9-бабы 39-тармағына сәйкес Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шманов Жиналыстың хатшысы болып

табылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 46-бабында қарастырылған функцияларды жүзеге асыратын есеп комиссиясы Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2022 жылғы 25 қаңтардағы шешімімен (№1/2022 хаттама) сайланған.

Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев Қоғамның есеп комиссиясының мүшесі С.М. Қожахметовке сөз берді.

С.М. Қожахметов «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ ұсынған Қоғам акционерлерінің тізіміне сәйкес 2023 жылғы 26 сәуірдегі жағдай бойынша Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы саны 384 144 973 (үш жүз сексен төрт миллион бір жүз қырық төрт мың тоғыз жүз жетпіс үш) дананы құрайтынын хабарлады.

Есеп комиссиясы ұсынған деректер бойынша акционерлерді тіркеу аяқталған кезде Жиналысқа қатысу үшін жиынтығында Қоғамның дауыс беретін акциялары жалпы санының 92,87%-ін құрайтын 356 755 627 (үш жүз елу алты миллион жеті жүз елу бес мың алты жүз жиырма жеті) дауыс беретін акцияларды иеленетін 5 акционер (акционерлердің өкілдері) тіркелді.

Заңның 45-бабы 1-тармағы және Қоғам Жарғысының 9-бабы 31-тармағы негізінде егер жиналысқа қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде (Акционерлердің жалпы жиналысын сырттай дауыс беру арқылы өткізу кезінде барлық бюллетеньді ұсыну күні не бюллетеньдерді ұсыну мерзімі аяқталған күні) оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда 50 (елу) және одан да көп процентін иеленген акционерлердің тізіміне енгізілген акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелсе, Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Жиналысты өткізу және күн тәртібіндегі мәселелер бойынша дауыс беру үшін кворум бар.

Қатысып отырған барлық акционерлер (акционерлердің өкілдері) тіркелді және олардың өкілеттіктері тиісті түрде тексерілді. Жиналысқа қатысып отырған акционерлерге (акционерлердің өкілдеріне) тіркеу кезінде күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар, дауыс беру үшін бюллетеньдер берілді және Жиналыста акционерлердің құқықтарын іске асыру мәселелері мен дауыс беру тәртібі түсіндірілді.

Т.Н. Құрманбаев акционерлерге (акционерлердің өкілдеріне) Жиналыстың күн тәртібін өзгерту және толықтыру бойынша ұсыныстардың жоқ екендігін хабарлады.

Т.Н. Құрманбаев Жиналысты өткізу үшін дауыс берудің ашық нысанын белгілеуге ұсыныс жасады.

Ұсыныс «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша дауыс беруге қойылды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 5 акционер

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім «бір акционер – бір дауыс» қағидаты бойынша жай көпшілік дауыспен қабылданды:**

Жиналыстың күн тәртібі мәселелері бойынша дауыс берудің ашық нысаны белгіленсін.

Т.Н. Құрманбаев Жиналыстың төрағасы ретінде Марат Көшкенбайұлы Ормановты сайлауды ұсынды.

Осы мәселе дауыс беруге қойылды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 356 755 627 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

Жиналыстың төрағасы болып Марат Көшкенбайұлы Орманов сайлансын.

Бұдан әрі М.К. Орманов Жиналыс жүргізу регламентін жариялап, келесі күн тәртібін дауыс беруге шығарды:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы.

5. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

6. «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 356 755 627 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

Жиналыстың келесі күн тәртібі бекітілсін:

1. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және «ҚазТрансОйл» АҚ бір жай акциясына есептегендегі дивиденд мөлшерін бекіту туралы.

3. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы.

5. «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

6. «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша М.К. Орманов Қоғамның бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Ә.Қ. Оспановқа сөз берді.

Ә.Қ. Оспанов Қоғамның 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігінің және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігінің негізгі көрсеткіштерін негізгі баптардың талдауымен ұсынды.

Ұсынылған есептіліктер халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының талаптарына сәйкес дайындалды және Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2022 жылғы 25 қаңтардағы шешіміне (№1/2022 хаттама) сәйкес 2022-2024 жылдарға Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым ретінде айқындалған «Эрнст энд Янг» ЖШС аудиттеді.

Ә.Қ. Оспановтың сөзінен кейін акционерлердің бірі баяндамашыдан жылдық қаржылық есептіліктің кейбір көрсеткіштері бойынша, атап айтқанда, жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу және активтердің құнсыздануы Қоғам қаржылық нәтижесіне әсері туралы түсініктеме беруді сұрады. Баяндамашы тиісті түсініктемелер берді.

М.К. Орманов Қоғамның 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін және аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы мәселені дауысқа салды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 356 755 627 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

Қоса берілгендер бекітілсін:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен:

Көрсеткіштер атауы	мың теңге	
	2022 жыл	2021 жыл
Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өткізуден түсетін түсім	212 136 196	214 832 985
Өткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құны	(179 084 114)	(148 937 822)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>33 052 082</b>	<b>65 895 163</b>
Әкімшілік шығыстар	(11 860 002)	(10 988 469)
Қаржылық кірістер	11 269 774	4 354 600
Қаржылық шығыстар	(4 776 859)	(4 116 014)
Өзге кірістер	4 130 710	2 255 431
Өзге шығыстар	(17 270 968)	(5 458 509)
<b>Салық салынғанға дейінгі пайда</b>	<b>14 544 737</b>	<b>51 942 202</b>
Табыс салығы бойынша шығыстар	(6 175 462)	(13 429 793)
<b>Бір жылдағы пайда</b>	<b>8 369 275</b>	<b>38 512 409</b>
<i>Акцияға пайда (теңгемен)</i>	<b>22</b>	<b>100</b>
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1 011 812 314</b>	<b>848 739 689</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>238 046 342</b>	<b>200 598 316</b>
<b>Барлық капитал</b>	<b>773 765 972</b>	<b>648 141 373</b>
<i>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</i>	<b>2 009</b>	<b>1 682</b>

2) «ҚазТрансОйл» АҚ 2022 жылғы аудиттелген шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілігі келесі негізгі көрсеткіштермен:

Көрсеткіштер атауы	мың теңге	
	2022 жыл	2021 жыл
Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді өткізуден түсетін түсім	255 627 309	238 176 116
Өткізілген тауарлардың, жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құны	(219 434 650)	(173 246 278)
<b>Жалпы пайда</b>	<b>36 192 659</b>	<b>64 929 838</b>
Әкімшілік шығыстар	(16 539 471)	(15 549 677)

<i>(жалғасы)</i>		<i>мың теңге</i>	
<b>Көрсеткіштер атауы</b>	<b>2022 жыл</b>	<b>2021 жыл</b>	
Қаржылық кірістер	<b>4 028 576</b>	3 201 187	
Қаржылық шығыстар	<b>(4 778 915)</b>	(4 116 159)	
Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесі	<b>15 973 820</b>	12 788 333	
Өзге кірістер	<b>3 972 552</b>	3 095 309	
Өзге шығыстар	<b>(13 923 109)</b>	(1 350 992)	
Салық салынғанға дейінгі пайда	<b>24 926 112</b>	62 997 839	
Табыс салығы бойынша шығыстар	<b>(5 124 419)</b>	(12 390 832)	
<b>Бір жылдағы пайда</b>	<b>19 801 693</b>	50 607 007	
Акцияға пайда (теңгемен)	<b>51</b>	132	
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1 235 417 960</b>	983 162 521	
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>322 964 635</b>	246 054 505	
<b>Барлық капитал</b>	<b>912 453 325</b>	737 108 016	
<b>Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)</b>	<b>2 350</b>	1 897	

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша М.К. Орманов Қоғамның бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Ә.Қ. Оспановқа сөз берді.

Ә.Қ. Оспанов Қоғамның Дивидендтік саясатына сәйкес таза кірісті бөлу кезінде келесі факторлар ескерілетінін атап өтті:

1) алынған таза кірістің нақты мөлшері;  
2) Қоғамның төлем қабілеттілігі және қаржылық орнықтылық көрсеткіштері;

3) Қоғамның стратегиялық даму мақсаттарын қамтамасыз ету, оның ішінде тұрақты ақшалай кірістерді жинақтайтын қолданыстағы өндірістік активтердің өнімділігін қолдауға және арттыруға бағытталған күрделі салымдарды қаржыландыру және басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына салымдарды қаржыландыру;

4) сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің қалауы бойынша өзге де факторлар.

Ә.Қ. Оспанов Қоғамның 2022 жылғы қаржылық-шаруашылық қызметінің қорытындыларын, бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын, ағымдағы шығыстарды, салық міндеттемелерін орындау үшін ақшалай қаражатқа қажеттілікті ескере отырып және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ұсынымдарын назарға ала отырып, Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның 2022 жылдың қорытындысы бойынша алған 19 801 693 000 (он тоғыз миллиард сегіз жүз бір миллион алты жүз тоқсан үш мың) теңге мөлшеріндегі шоғырландырылған таза кірісін бөлудің мынадай тәртібін ұсынғанын хабарлады:

дивидендтерді төлеуге 15 000 495 861 (он бес миллиард төрт жүз тоқсан бес мың сегіз жүз алпыс бір) теңге мөлшеріндегі соманы жұмсау;

таза кірістің 4 801 197 139 (төрт миллиард сегіз жүз бір миллион бір жүз тоқсан жеті мың бір жүз отыз тоғыз) теңге мөлшеріндегі қалған сомасын

Қоғамның бір жай акциясына есептегендегі 2022 жылғы дивиденд мөлшері 39 (отыз тоғыз) теңге сомада бекітілсін.

2022 жылдың қорытындысы бойынша Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі 2023 жылғы 5 маусым 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша бекітілетін болады. Бұл ретте Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеуді бастау күні етіп 2023 жылғы 13 маусымды белгілеу ұсынылады.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу оларды акционерлердің шоттарына аудару жолымен ақшалай жүргізілетін болады.

Ә.Қ. Оспановтың баяндамасынан кейін акционерлердің бірі Қоғамның 2022 жылдың қорытындысы бойынша алынған таза кірісінің 100%-ін акционерлерге дивидендтер төлеуге жіберу туралы ұсыныс айтты. Сонымен қатар, бұл акционер дивидендтер мөлшері бойынша жағдайды жақсарту және Қоғам акцияларының құнын арттыру мақсатында Қоғамның алдағы жоспарларына қатысты мәселені айтты. Баяндамашы тиісті түсініктемелер берді.

М.К. Орманов Қоғамның 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін бекіту, жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы мәселені дауыс беруге қойды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 356 747 411 дауыс

«Қарсы» – 8 216 дауыс

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

**1. Бекітілсін:**

1) Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Тұран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай мекенжайында орналасқан, БСН 970 540 000 107, қосымша құн салығы бойынша тіркеу есебіне қою туралы 2012 жылғы 29 тамыздағы сериясы 62001 №0015217 куәлік, Кбе16, «Қазақстан Халық Банкі» АҚ, SWIFT BIC: HSBKKZKX, KZ536010111000012185 (теңге), «ҚазТрансОйл» АҚ-тың 2022 жылдың қорытындысы бойынша алынған 19 801 693 000 (он тоғыз миллиард сегіз жүз бір миллион алты жүз тоқсан үш мың) теңге мөлшеріндегі таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі:

дивидендтерді төлеуге 15 000 495 861 (он бес миллиард төрт жүз тоқсан бес мың сегіз жүз алпыс бір) теңге мөлшеріндегі соманы жұмсау;

таза кірістің 4 801 197 139 (төрт миллиард сегіз жүз бір миллион бір жүз тоқсан жеті мың бір жүз отыз тоғыз) теңге мөлшеріндегі қалған сомасын бөлмей, «ҚазТрансОйл» АҚ-тың иелігінде қалдыру;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ-тың бір жай акциясына есептегендегі

2022 жылғы дивиденд мөлшері 39 (отыз тоғыз) теңге сомада.

2. 2022 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер алуға құқығы бар «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің тізімі 2023 жылғы 5 маусым 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша бекітілсін.

3. 2022 жылдың қорытындысы бойынша «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеуді бастау күні 2023 жылғы 13 маусымға белгіленсін.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу оларды «ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің шоттарына белгіленген тәртіппен дербес және «Бағалы қағаздар орталық депозитарийі» АҚ атынан төлем агенті арқылы аудару жолымен ақшалай жүргізілсін.

5. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

**Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша М.К. Орманов Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.**

А.М. Шманов акционерлерге Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарған жұмысы, Директорлар кеңесінің құрамы мен құрылымы, басқару органы есепті кезеңде қабылдаған ең маңызды шешімдері және комитеттердің жұмысы туралы ақпарат берді.

М.К. Орманов Қоғамның Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебін бекіту туралы мәселені дауысқа салды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 356 755 627 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

Ұсынылып отырған «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы жылдық есебі бекітілсін.

**Күн тәртібінің төртінші мәселесі бойынша М.К. Орманов Қоғамның инвесторлармен байланыс қызметінің басшысы А.М. Масалинге сөз берді.**

А.М. Масалин Заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес Жиналыста Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне акционерлердің 2022 жылғы өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселе қаралатынын атап өтті.

Шығарылған мәселе аясында 2022 жыл ішінде акционерлерден үш өтініш келіп түскені және қаралғаны, оларға тиісті жауаптар берілгені атап өтілді.



М.К. Орманов Қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне Қоғам акционерлерінің 2022 жылғы өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы мәселені дауыс беруге қойды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 356 755 627 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – дауыс жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

«ҚазТрансОйл» АҚ акционерлерінің 2022 жылы «ҚазТрансОйл» АҚ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініштері мен оларды қарау қорытындылары туралы ақпарат назарға алынсын.

Күн тәртібінің бесінші мәселесі бойынша М.К. Орманов Қоғамның заң мәселелері жөніндегі басқарушы директоры Ж.Ә. Исақовқа сөз берді.

Ж.Ә. Исақов «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына ұсынылған өзгерістер мен толықтырулар оны Заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес келтіру, сондай-ақ Қоғамның Директорлар кеңесінің айрықша құзыретін кеңейту мақсатында енгізілетінін хабарлады.

Бұдан басқа, елорданың атауын өзгертуге, сондай-ақ «Нұра» жаңа ауданның құрылуына байланысты Қоғамның және оның атқарушы органының орналасқан жеріне тиісті өзгерістер енгізілуде.

Заңға және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылады.

М.К. Орманов «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені дауысқа салды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 346 181 035 дауыс

«Қарсы» – дауыс жоқ

«Қалыс қалды» – 10 574 592 дауыс

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев:

1) осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларға қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Күн тәртібінің алтыншы мәселесі бойынша М.К. Орманов Қоғамның корпоративтік хатшысы А.М. Шмановқа сөз берді.

А.М. Шманов Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының 2022 жылғы 25 қаңтардағы шешімімен (№1/2022 хаттама) 2022 жылғы 13 наурыздан бастап Қоғамның есеп комиссиясының сан құрамы – 11 (он бір) адам және өкілеттік мерзімі – 3 (үш) жыл болып белгіленгенін хабарлады.

Қоғамдағы кадрлық өзгерістерді назарға ала отырып, сондай-ақ Акционерлердің жалпы жиналыстарын ұйымдастыруды және тиісінше өткізуді қамтамасыз ету мақсатында Қоғамның есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Қоғам жұмыскерлерінің арасынан Қоғамның есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау қажет.

М.К. Орманов Қоғамның есеп комиссиясының кейбір мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Қоғамның есеп комиссиясының жаңа мүшелерін сайлау туралы мәселені дауысқа салды.

**Дауыс берді:**

«Қолдады» – 356 755 627 дауыс

«Қарсы» – жоқ

«Қалыс қалды» – жоқ

**Шешім дауыс беруге қатысқан Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданды:**

1. «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының мына мүшелерінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылсын:

Тумыш Кемәл Қанатұлы - есеп комиссиясының төрағасы;

Аде Лариса Михайловна;

Накишева Гүлжазира Балкенқызы;

Тапаева Жанна Маратқызы;

Тукупов Серік Бижанұлы.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ-тың мына жұмыскерлері «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясының мүшелері ретінде «ҚазТрансОйл» АҚ есеп комиссиясы үшін белгіленген өкілеттік мерзімге сайлансын:

Дастан Айман - есеп комиссиясының төрағасы;

Кужекенова Нұргүл Баянқызы;

Медеубаев Мақсат Маратұлы;

Омралинова Мадина Құрманбайқызы;

Оразалы Абылайхан Рахатұлы.

Жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерді қарау аяқталғаннан кейін Жиналыс төрағасы М.К. Орманов («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі) Жиналысқа қатысқандарға алғысын білдіріп, акционерлерді/акционерлердің өкілдерін Қоғамның табыстылығын арттыру жөніндегі алдағы жоспарлар туралы хабардар етті.

**Жиналыс төрағасы**

**М. Орманов**

**Жиналыс хатшысы**

**А. Шманов**



**Есеп комиссиясының мүшелері:**

**С. Қожахметов**

**Р. Махамбетова**

**Д. Мұханбетжанова**

**З. Нұрсейітова**

**Д. Нүсіпжанова**

**Ж. Тапаева**

(Нұрметова Г.М.)